ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№1

29.08.2024ж Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. Балабақша бойынша 2024 – 2025 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. Нормативтік құжаттармен таныстыру
4. Педагогтардың 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жоспарлары, перспектива, циклограмма, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібін бекіту.
5. Іскерлік ойын.
6. Педкеңес шешімі.

Мәселелерді талқылау барысы

Балабақша меңгерушісі: Н.Тилеумбетова өз сөзінде биылғы оқу жылындағы жылдық жоспарды таныстырып, өзгерістерді айтып өтті, жылдық жоспар талқыланып, бекітуге ұсынылды. Тәрбиеші С.Қаршыға жылдық жоспар бойынша биылғы өзгеріс әрбір тәрбиешінің шығармашылық тақырыптары туралы өз бетінше ізденуін ескертті.

Екінші мәселе бойынша. Жазғы сауықтыру, шынықтыру маусымындағы атқарылған жұмыстар туралы хабарламаны балабақша әдіскері Н.Алқабек және медбикесі Ж.Тұтқабай жасады. Жалпы жаз мезгілінде жоспарланған іс – шараларды талқылау барысында кемшіліктер байқалмағаны жайлы айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алып, биылғы оқу жылында басшылыққа алынатын нормативті құжаттармен таныстырды. Оның ішінде білім заңы бойынша балабақшаға қатысты 4 бағытты таныстырды, әдістемелік нұсқалық хатпен, санитар ережелері туралы бұйрықпен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша топтардың жаңа оқу жылына арналған тәрбиешілерге қатысты құжаттар меңгеруші тарапынан бекітуге ұсынылды.

Балабақша әдіскері Н.Алқабек тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып, іскерлік ойын жүргізді. Топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады. Бірінші топ «Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастыру» бойынша, екінші топ «Жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша тәрбиеші қандай жұмыстар атқаратынын атап өтіп, тапсырмалар берілді. Екі топта өз пікірлерін ортаға салып тақырыптарын қорғап шықты мазмұнды ой пікірлер айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балабақшаның 2024-2025 жаңа оқу жылына арналған жоспар бекітілсін.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Нормативтік құжаттарды балабақшаның тәрбиелеу мен білім беру күнделікті жүзеге асырылсын.
4. Педагогтардың 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарлары, перспектива, циклограмма,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
5. Шешімдердің орындалуын қадағалау әдіскер Н.Алқабекке жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Н. Тилеумбетова

Хатшы : Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№2

15.11.2024ж Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын маниторинг жұмысының бастапқы маниторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі аралық маниторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажет ететін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші М.Журкабаева «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектеке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім

беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Алқабек, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда байқалған негізгі проблемаларды атап өтті: әдіс-тәсілдердің бірсарындығы, шығармашылық орталықтардың жеткіліксіз жабдықталуы, еркін әрекет уақытының аздығы. Әдіскер бұл мәселелерді шешу үшін орталықтарды толықтыру, инновациялық әдістер енгізу, тәрбиешілердің шығармашылық жұмысын күшейту жөнінде нақты ұсыныстар берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын. Мониторинг нәтижелері негізінде тәрбиешілердің жұмыстары жалғассын.
2. Тәрбиеші М.Жұрқабаева ұсынған «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбындағы баяндамасы ескерілсін және тәжірибеде қолданылсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын, тәрбиешілерге шығармашылық бағыттағы жұмыс түрлері бойынша әдістемелік көмек көрсетілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Н. Тилеумбетова

Хатшы : Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№3

10.01.2025ж Қатысқандар: 6

Күн тәртібі

1. **Қыс маусымында балалардың денсаулығын сақтау.**
2. Дене шынықтыру жұмыстарын жетілдіру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Қыс мезгілінде балалардың денсаулығына ерекше назар аударуымыз керек. Суық тию мен вирустық инфекциялардың алдын алу үшін тәрбиешілер сақтық шараларын қатаң сақтауы қажеттігін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алды, денсаулық сақтау жұмыстары бойынша профилактикалық сабақтар мен ойындар ұйымдастыруды ұсынып, сонымен қатар, әр топта медециналық бұрыштарды жаңарту қажеттігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. **Қыс мезгіліндегі денсаулық сақтау шараларының жоспары бекітілсін.**
2. Дене шынықтыру сабақтары арнайы жоспар бойынша жүргізілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Н. Тилеумбетова

Хатшы : Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№4

17.03.2025ж Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. **Кәсіби даму курстарының нәтижелері.**
2. Балалардың жетістіктерін талдау.
3. Әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Осы оқу жылының басынан бері кәсіби даму бойынша қандай жетістіктерге жеттік. Бұл балалардың даму деңгейіне қалай әсер еткендігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алды. Тәрбиешілердің көпшілігі біліктілікті арттыру курстарына қатысты. Бірақ әдістемелік жұмыстардың кейбірінде әлі де жетілдіру қажет тұстар бар және әр топтық жұмыс жоспарларын қайта қарауды ұсынды.

Тәрбиеші С.Қаршыға сөз алды. Курстар бізге жаңа әдіс – тәсілдермен жұмыс істеуді үйретті. Бірақ кей жағдайда бұл әдістерді балалардың деңгейіне бейімдеу қиын. Сондықтан тәжірибемен бөлісетін семинарлар ұйымдастыру керектігін мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Әдістемелік жұмыстарға талдау жасалып, жақсарту жоспарлары құрылсын.
2. Тәрбиешілер арасында тәжірибе алмасу семинарлары ұйымдастырылсын.
3. Балалардың жетістіктерін бағалау үшін жаңа критерийлер енгізілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Н. Тилеумбетова

Хатшы : Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№5

20.05.2025ж Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының нәтижелерін қорытындылау.
2. Ата – аналардың пікірлерін талдау.
3. 2025 – 2026 оқу жылына арналған жоспар құру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Биылғы оқу жылында жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Ата – аналармен жұмыс, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және денсаулық сақтау бағыттары бойынша жақсы көрсеткіштер екендігін атап өтті.

Балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алды. Келесі оқу жылында цифрлық құралдарды көбірек қолдану ұсынылды. Әсіресе, интерактивті тақтаны тиімді пайдалану тиісті екенін, сонымен қатар, ата – аналармен жұмыс түрлерін жаңартудың маңызды екенін мәлімдеді.

Тәрбиеші А.Талипова сөз алды. Топта шығармашылық сабақтарды көбейту және спорттық – ойындық іс–шараларын енгізуді ұсынды. Балалардың тіл дамыту деңгейін арттыру үшін жаңа үйірмелер ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Оқу жылының қорытынды есебі қабылдансын.
2. 2025 – 2026 оқу жылына арналған жоспардың негізгі бағыттары бекітілсін.
3. Әдіскер мен тәрбиешілер жаңа әдістемелік ұсыныстар дайындасын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Н. Тилеумбетова

Хатшы : Н.Алқабек